

Ерекше мемлекеттік меншіктегі және 1996-1998 жылдарда жекешелендіруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1336.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.19. N 1198 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.19. N 1198
қаулысымен. P991198_

"Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдардың бағдарламасы туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 246 P960246_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ерекше мемлекеттік меншіктегі және 1996-1998 жылдарда

жекешелендіруге жатпайтын объектілердің ұсынылып отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының тиісті министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының келісімі бойынша жекешелендіруге жатпайтын объектілердің атаулы тізбелерін айқындасын және оны 1997 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 1 қарашадағы
N 1336 қаулысымен
бекітілген

Ерекше мемлекеттік меншіктегі және 1996-1998
жылдарда жекешелендіруге жатпайтын объектілердің

ТІЗБЕСІ

<*>

ЕСКЕРТУ. Тізбеден 10, 17, 21-тармақтар алынып тасталған,
12-тармақ өзгертілген - ҚРҰ-нің 1997.01.14.

№ 65 қаулысымен.

Р960065_

1. Жер (заң бойынша жеке меншіктегі жерден басқа), жер қойнауы, орман қоры, су ресурстары, әуе кеңістігі, өсімдік пен жануарлар әлемі, аумақтық су ресурстары, ішкі және сыртқы су айдындарының шельфі.

2. Күзетілетін немесе ерекше әдіспен пайдаланылатын табиғи аумақтар, оның ішінде қорықтар, ұлттық парктер.

3. Қазақстан халықтарының тарихи және мәдени мұра объектілері.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік, материалдық резервтері жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Президенттің күзет қызметінің басқаруындағы штаттағы және резервтегі мүліктер.

5. Мемлекеттік бюджет есебінен құрылатын, жаңартылатын және күзетілетін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мемлекеттік және жұмылдыру резервінің мүліктері мен бейбіт уақытта және соғыс уақытында қос мақсатты өнім шығару жөніндегі жұмылдыру қуаты.

6. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрамына берілген арнаулы құрамалар, әскери комиссариат әскери бөлімдер мен мекемелерге қосып жазған мүліктер, автокөлік құралдары мен техника.

7. Әскери-техникалық мақсаттарды қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде қызмет көрсетуді, аэроғарыш аппараттарын ұшыру және алып баруды қамтамасыз ететін, ғылыми-зерттеу және аталған салалардағы тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын, сондай-ақ әуе шабуылына қарсы, ракетаға қарсы қорғаныс, радиоэлектрондық тұншықтыру салаларындағы кәсіпорындар мен объектілер.

8. Басқару және бақылау функциясын жүзеге асыратын және барлық

деңгейдегі бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің мүліктік кешені.

9. Табиғи ортаның және еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылау қызметі мекемелерінің кәсіпорындары мен мүлкі.

10.

<*>

11. Мемлекеттік кәсіпорын міртебесі бар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен ұсталатын орман және ауыл шаруашылығының объектілері мен кәсіпорындары.

12. Патент қызметінің, стандарттау мен метрология, ғылыми-техникалық ақпарат мүліктік кешені.

<*>

13. Арналы темір жол, теңіз және өзен жолдары.

14. Қатты және сұйық радиоактивтік қалдықтарды қайта өңдеуге, жоюға және көмуге арналған объектілер, кәсіпорындар мен жабдықтар, мал көметін жерлер.

15. Зират және оның мүліктері.

16. Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын және кепілді қызмет көлемін мемлекет қамтамасыз ететін халықты әлеуметтік қорғау объектілері.

17.

<*>

18. 1150 кВ ЭБЖ желісінен басқа, жоғары вольтты арналы электр беру желілері, мемлекеттік энергия қадағалау органдары.

19. Арнаулы және фельдъегерлік байланыс мүлкі.

20. Қазақстан Республикасының Олимпиадалық даярлық базаларының мүліктік кешені.

21.

<*>

22. Мемлекетаралық, облысаралық маңызы бар гидротехникалық ғимараттары бар су қоймасы.

<*>

қаулысымен.
P971273_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК